

2019 жылғы сыртқы сектор статистикасына сәйкес Қазақстанның резиденттерінің сыртқы активтерінің, оның ішінде ҚР Ұлттық қоры активтерінің өсуі есебінен капиталды таза шығарылуы 1,6 млрд АҚШ долларын (резервтік активтермен операцияларды қоспағанда) құрады. Жеке сектордың (банктер және басқа секторлар, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық Банк операцияларын қоспағанда) операциялары бойынша 2019 жылы 325 млн АҚШ доллары мөлшерінде капиталдың таза кіргізілуі (әкелінуі) қалыптасты.

Өткен 15 жыл ішіндегі мәліметтер бойынша (2005 жыл – 2019 жыл аралығы) жалпы алғанда капиталдың таза кіргізілуі қалыптасты, ол 13,4 млрд АҚШ долларын құрады, жеке сектордың операциялары бойынша капиталдың таза кіргізілуі 55,3 млрд АҚШ долларын құрады.

Төлем балансының қаржылық есебіндегі ең көп қызығушылықты тікелей инвестициялар тудырады, олар бойынша тарихи тұрғыда капиталдың таза әкелінуі байқалады, бұл Қазақстандағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырумен байланысты болып отыр.

Тікелей инвестициялар бойынша 2013 жыл – 2019 жыл аралығындағы серпінде капиталды оффшорлық аймақтарға таза шығару 1,1 млрд АҚШ долларын, ал оффшорлық аймақтардан капиталды таза кіргізу 4,2 млрд АҚШ долларын құрады. Нәтижесінде, тікелей инвестициялар бойынша оффшорлық аймақтардан таза әкеліну қалыптасты.